**Бекітемін**
**Мектеп директоры    Ә.Сағындықов**
31.08.2023

**«А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бастауыш сыныптар әдістемелік кеңесінің І жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспары**
**2023 – 2024 оқу жылы**

| Қ/с | Іс – шаралар | Қайда қаралды | Жауапты | Іске асыру |
|---|---|---|---|---|
| **Тамыз** | | | | |
| **1** | 2023 – 2024 оқу жылының міндеттері | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Анықтама |
| **2** | Жаңа оқу жылына арналған бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарларын ұйымдастыру, жүйелеу. | Педагогикалық кеңес | Нұрмаханов Б | Хаттама |
| **Қыркүйек** | | | | |
| **1** | Бастауыш сыныптардағы барлық пәндер бойынша кіріс бақылау жүргізіп бастапқы көрсеткішін анықтау | Бірлестік отырысы | Бірлестік жетекшісі А.Кәріжан | Бұйрық Мониторинг Анықтама |
| **2** | Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарларын талқылау | Бірлестік отырысы | Нұрмаханов Б | Анықтама |
| **Қазан** | | | | |
| **1** | Қабілетті балалармен жұмыстың ұйымдастырылуы | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Диагностика Сауалнама қорытынды |
| **2** | Бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру | Бірлестік отырысы | Бірлестік жетекшісі Кәріжан А | Мәлімет |
| **3** | Мектепішілік олимпиада өткізу | Бірлестік отырысы | Бірлестік жетекшісі Кәріжан А | |
| **4** | Пән апталығы қазақ тілі | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Бұйрық жоспар Анықтама |
| **Қараша** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 4 сыныптардың ББЖМ дайындықтары | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Бұйрық, жоспар Анықтама |
| 2 | Жаратылыстану, дүниетану пәндерінде оқушылардың ғылыми ұғымдар мен дүниені танып білуі | Бірлестік отырысы | Бірлестік жетекшісі Кәріжан А | Тест Мониторинг Мәлімет |
| | **Желтоқсан** | | | |
| 1 | Озық тәжірибе мектебі» бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-тәжірибесін жинақтау | Әдістемелік кеңес | Нұрмахановы Б | Мәлімет |
| 2 | Аудандық олимпиада қорытындысы бойынша мониторинг жасау | Бірлестік отырысы | Бірлестік жетекшісі Кәріжан А | Мониторинг |
| 3 | Пән апталығы. Математика пәні | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Бұйрық жоспар Анықтама |

**Мектеп директорының оқу – тәрбие жөніндегі орынбасары** **Б.Нұрмаханов**

**Бекітемін**
**Мектеп директоры Ә.Сағындықов**
05.01.2024ж

**«А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бастауыш сыныптар әдістемелік кеңесінің ІІ жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспары**
**2023 – 2024 оқу жылы**

| К/с | Іс – шаралар | Қайда каралды | Жауапты | Іске асыру |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қаңтар** | | |
| 1 | Бастауыш сыныптардағы музыка сабақтарында оқушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыруда тиімді әдістерді қолдануы. | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов | Анықтама |
| 2 | 4 сынып оқушыларының ББЖМ дайындығы. | Педагогикалық кеңес | Нұрмаханов Б | Мониторинг |
| | | **Ақпан** | | |
| 1 | Бастауыш сыныптардағы факультатив таңдау пәндерінің оқытылуы. | Бірлестік отырысы | Бірлестік жетекшісі Жұмашова. | Мәлімет |
| 2 | Үлгерімі төмен қабілетті,оқушыларымен жүргізілген жұмыстың барысы. | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Анықтама |
| 3 | Мұғалімдердің ақпараттық және коммуникативтік құзырлығының қалыптасуы. | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Анықтама |
| 4 | 4 сынып оқушыларының ББЖМ дайындығы. | Педагогикалық кеңес | Нұрмаханов Б | Анықтама |
| | | **Наурыз** | | |
| 1 | Мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіруі бойынша жоспардың орындалуы.Тәжірибе алмасу жұмыстарының сапасы. | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Диагностика |
| 2 | ББЖМ дайындауда Piza.Timss тапсырмаларын пайдалана отырып дайындалу барысы | Әдістемелік кеңес | Бірлестік жетекшісі Жұмашова | Мәлімет |
| 3 | 4 сынып оқушыларының ББЖМ дайындығы | Бірлестік отырысы | Бірлестік жетекшісі | Мониторинг |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Жұмашова | |
| 4 | Жаратылыстану,дүниетану пәні бойынша өткізілген апталыққа талдау,сараптау. | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Анықтама |
| 5 | ІІІ тоқсанның білім сапасына талдау жүргізу | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Анықтама |
| | | **Сәуір** | | |
| 1 | 4 сыныптардың ББЖМ дайындықтары | Педагогикалық кеңес | Нұрмаханов Б | Мониторинг |
| 2 | Көркем еңбек сабақтарында әсемдікке баулу,сын тұрғысынан ойлау,шығармашылық дағдыларын дамытудың ұйымдастырылуы. | Әдістемелік кеңес | Бірлестік жетекшісі Жұмашова | Анықтама |
| 3 | Бастауыш сыныптардағы денешынықтыру сабақтарында денсаулықты нығайту,негізгі дененің физикалық сапаларын дамыту жолдарын нәтижелі жүргізілуі. | Әдістемелік кеңес | Бірлестік жетекшісі Жұмашова | Анықтама |
| 4 | Бастауыш сынып мұғалімдерінің бір жылдық жұмысына мониторинг жүргізу. | Әдістемелік кеңес | Бірлестік жетекшісі Жұмашова | Мониторинг |
| | | **Мамыр** | | |
| 1 | Оқу бағдарламаларының орындалуы. | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Мәлімет |
| 2 | Әдістемелік кеңестің оқу жылындағы жұмысына талдау. | Әдістемелік кеңес | Бірлестік жетекшісі Жұмашова | Мониторинг |
| 3 | Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспары және міндеттер. | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Жоспар |
| 4 | IV тоқсанның білім сапасына талдау. | Әдістемелік кеңес | Нұрмаханов Б | Мониторинг |

**Мектеп директорының оқу – тәрбие жөніндегі орынбасары** **Б.Нұрмаханов**

## Әдістемелік кеңес отырыстары

| К/с | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| **Әдістемелік кеңестің №1 отырысы** | | | |
| 1 | Жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың басты бағыттары, әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарын бекіту | Қыркүйек | Нұрмаханов Б |
| 2 | Әдістемелік кеңес мүшелерінің функциялық міндеттерін белгілеу. Нормативтік құжаттарға шолу жасау. | Қыркүйек | Нұрмаханов Б |
| 3 | Қабілетті және оқу деңгейі төмен оқушылармен жұмыстың бағыты | Қыркүйек | Нұрмаханов Б |
| 4 | Кіріс бақылау қорытындысы | Қыркүйек | Нұрмаханов Б |
| 5 | КТЖ,ҚМЖ,ҮМЖ нормативтік талаптармен жоспарлануы. | Қыркүйек | Нұрмаханов Б |
| **Әдістемелік кеңестің №2 отырысы** | | | |
| 1 | Қазақ тілі пәні бойынша өткізілген апталыққа талдау, сараптау. | Қараша | Нұрмаханов Б |
| 2 | БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының жүргізілуі | Қараша | Нұрмаханов Б |
| 3 | І тоқсанның білім сапасына сараптама | Қараша | Нұрмаханов Б |
| 4 | 2 – 4 сыныптардың оқу жазба, қосымша жұмыс дәптерлерінің талапқа сай болуы | Қараша | Нұрмаханов Б |
| 5 | Электронды журналдың толтырылуы | Қараша | Нұрмаханов Б |
| 6 | 4 сыныптардың ББЖМ дайындықтары | Қараша | Нұрмаханов Б |
| **Әдістемелік кеңестің №3 отырысы** | | | |
| 1 | Мектепішілік олимпиадалардың қорытындысы, аудандық олимпиадаға қатысудағы көрсеткіштер. | Қаңтар | Нұрмаханов Б |
| 2 | ІІ тоқсанның білім сапасына сараптама | Қаңтар | Нұрмаханов Б |
| 3 | Әдістемелік жұмыстың ІІ жартыжылдыққа арналған жоспарына түзетулер енгізу. | Қаңтар | Нұрмаханов Б |
| 4 | Математика пәні бойынша өткізілген апталыққа талдау, сараптау | Қаңтар | Нұрмаханов Б |
| 5 | Бастауыш сынып мұғалімдерінің озық тәжірибелерін жинақтау жұмыстары | Қаңтар | Нұрмаханов Б |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тәжірибелерін жинақтау жұмыстары | | |
| **Әдістемелік кеңестің №4 отырысы** | | | |
| 1 | Мұғалімдердің ақпараттық және коммуникативтік құзырлығының қалыптасуы | Наурыз | Нұрмаханов Б |
| 2 | Үлгерімі төмен, қабілетті оқушылармен жүргізілген жұмыстың барысы | Наурыз | Нұрмаханов Б |
| 3 | III тоқсанның білім сапасына сараптама | Наурыз | Нұрмаханов Б |
| 4 | 4 сынып оқушыларының ББЖМ дайындығы | Наурыз | Нұрмаханов Б |
| 5 | Мұғалімдердің өз білімін жетілдіру бойынша және жоспарының орындалуы, тәжірибе алмасу жұмыстарының сапасы | Наурыз | Нұрмаханов Б |
| 6 | Жаратылыстану, дүниетану пәні бойынша өткізілген апталыққа талдау, сараптау. | Наурыз | Нұрмаханов Б |
| **Әдістемелік кеңестің №5 отырысы** | | | |
| 1 | IV тоқсанның білім сапасына сараптама | Мамыр | Нұрмаханов Б |
| 2 | Оқу бағдарламаларының орындалуы | Мамыр | Нұрмаханов Б |
| 3 | Әдістемелік бірлестіктің оқу жылындағы жұмысына талдау жасау | Мамыр | Нұрмаханов Б |
| 4 | Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспары және міндеттер | Мамыр | Нұрмаханов Б |

**Мектеп директорының оқу – тәрбие жөніндегі орынбасары** **Б.Нұрмаханов**

**А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бастауыш әдістемелік кеңесі отырысының**
**Хаттама №1**

**Қатысуға тиіс: 20** **12.09.2023 ж**
**Қатысқаны: 20**

**Күн тәртібінде:**

1. Жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың басты бағыттары, әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарын бекіту.
2. Әдістемелік кеңес мүшелерінің міндеттерін белгілеу.
3. Қабілетті және деңгейі төмен оқушылармен жұмыстың бағыты
4. Кіріс бақылау қорытындысы
5. КТЖ, ҚМЖ, ҰМЖ нормативтік талаптармен жоспарлануы.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бастауыш пән әдіс бірлестік жетекшісі А.Кәріжан 2023 – 2024 оқу жылына арналған бірлестіктің жұмыс жоспарымен таныстырды. Төрт тоқсан бойынша атқарылатын іс – шаралар жоспары мен апталық, семинар, байқау, олимпиадалар туралы хабарламаны жеткізіп, бірлестік мүшелеріне айлық жоспарымен де таныстырды. Сондай – ақ өткен оқу жылы мен биылғы оқу жылының арасындағы байланыстың өзгешелігімен ерекшелігіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу – тәрбие жөніндегі орынбасары Б.Нұрмаханов әдістемелік кеңес мүшелерінің негізгі міндеттерін таныстырып, нормативтік құжаттарға шолу жасады. Сынып оқушыларының мектепке алғаш қабылдаудағы іс – құжатынан бастап, мұғалімдерге бекітілген құжаттардың барлығы бұйрыққа сәйкес болу керектігін нақтылап айтты.

Үшінші мәселе бойынша бастауыш сынып оқушыларының қабілетті және деңгейі төмен оқушыларды анықтап,тізімін жасап, олармен жасалатын жұмыстардың тақырыбы мен мақсатына баса назар аудару қажет екенін айтты. Себебі жоспары жасалынған соң міндетті түрде жүзеге асырылу қажет. Сондай – ақ бекітілген кестеге сәйкес қосымша сабақтар жүргізу, оқушылардың қызығушылығын арттыруға арналған тиімді әдіс – тәсілдерді таңдап, нәтижесін шығаруымыз қажет екені айтылды.

Төртінші мәселе бойынша Б.Нұрмаханов 2 – 4 сынып оқушыларынан алынған барлық пән бойынша кіріс бақылаудың қорытындысын айтып, анықталған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп, меңгерілмеген тақырыптар мен күрделі, бала үшін қиындық туғызған тапсырмалармен алдағы уақытта жұмыс жасау тапсырылды.

Бесінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарларын, ұзақ мерзімді жоспарлары тексеру комиссиясының құрамымен жан – жақты тексерілді.

Тексеру нәтижесінде мектеп мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары 2023 – 2023 оқу жылында ҚР – ның жалпы орта білім беру беретін ұйымдарында ғылым негіздерінің оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хатты негізге ала отырып, құрғаны анықталды. ҚР – ның Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 23.09.2022 ж №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде құрылғаны анықталды. Күнтізбелік – тақырыптық жоспарды құруда мұғалімдердің ішінде кеткен кемшілік тұстарды түзету қажеттілігі ескертілді.

Әдістемелік кеңестің мүшелері кеткен кемшіліктерді түзету мақсатында қосымша сабақтарда жұмыс жасайтынын айтты. Мұғалімдер тарапынан пікірлер айтылып, ұсыныстар хаттамаға түзілді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді қарай келе бастауыш сынып әдістемелік кеңесі қаулы етеді.**

1. 2023 – 2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жоспары бекітілсін.
2. Әдістемелік кеңес мүшелерінің жеке міндеттері сақталынсын.
3. Қабілетті және деңгейі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстың жоспары бекітілсін.
4. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау кіріс бақылауының қорытындысы назарға алынсын.
5. Орта мерзімді жоспарларға өзгертулер мен түзетулер енгізіліп, бекітуге жіберілсін.

**Әдістемелік кеңестің төрағасы** **Б.Нұрмаханов**

**Хатшы** **А.Кәріжан**







**А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бастауыш сынып әдістемелік кеңесі отырысының**

**Хаттамасы №2**

**Қатысуға тиіс: 20** 03.11.2023ж.

**Қатысқаны: 20**

**Күн тәртібінде**

1. Қазақ тілі пәні бойынша өткізілген апталықты талдау.
2. БЖБ,ТЖБ тапсырмаларының жүргізілуі
3. 2 – 4 сыныптардың оқу, жазба, қосымша жұмыс дәптерлерінің талапқа сай болуы.
4. Электронды журналдың толтырылуы
5. 4 сыныптардың ББЖМ дайындықтары

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі Рәзімханова Айгерім бір апта бойы апталықтың жоспарымен жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Кемшіліктердің болғанын айтты. Ұйымдастырылған іс – шараларға қатысқан оқушыларды мақтау қағаздарымен, сыйлықтармен марапаттағандарын баяндады.

Б.Нұрмаханов, А.Кәріжан: Апталыққа оқушылар өте белсенді қатысты. Өткізілген іс – шараларда дайындық, насихаттау, безендіру жұмыстары төмендеу болды. Келесі тоқсанда апталықта қайталанбасын деді.

Ғ.Үсенова, С.Әбішбекова, Х,Смайлова: Апталықты жақсы ұйымдастырды, оқушылар белсенді қатысты. Оқушыларды марапаттау болды. Апталық барысында оқушылар бағдарламадан тыс көп нәрсе білді.

Б.Нұрмаханов, А.Кәріжан: Тоқсан сайын тақырыптық күнтізбелік жоспарларда қойылған БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын алу күніне байланысты пән мұғалімдері өздері тапсырма құрастырады. Биылғы оқу жылының I тоқсанда құрастырылған тапсырмалардың бір – бірінен көшіріліп алғандығы анықталды. Кейбір ұстаздарымыз ізденгісі келмей өздері жасауға ерінген. ТЖБ тапсырмалары папкаларға жинақталған. ТЖБ өткізу кестесі бойынша жүргізілген. Денсаулығы бойынша кейінге қалған оқушылар жоқ. Модерация хаттамалары пәндерге жеке – жеке тоқталған. Балл қоюда өзгерткен жерлері жоқ. Ағылшын тілі, орыс тілі пәндерінен ТЖБ алынғаннан кейін бірденнен құжаттарын талап ету керек.

I тоқсанның қорытындысы
2 «А» сыныбы 75% 14 балл
2 «Ә» сыныбы 68% 11,6 балл
2 «Б» сыныбы 69% 11,9 балл
2 «В» сыныбы 70% 10,5 балл
3 «А» сыныбы 73% 11,7 балл
3 «Ә» сыныбы 66% 11,9 балл
3 «Б» сыныбы 65% 11,3 балл
4 «А» сыныбы 79% 14,1 балл
4 «Ә» сыныбы 77% 11 балл
4 «Б» сыныбы 73% 15,3 балл

Б.Нұрмаханов, А.Кәріжан: I тоқсан ішінде оқу дәптерлері екі үш рет тексерілді. Арнайы дәптерге де түсірілді. Анықталған кемшіліктер сынып жетекшілеріне ескертілді. Барлық дәптерлердің сырты қапталуы тиіс және біркелкі аты – жөндері жазылу керек. Жазу

каллиграфиясы төмен оқушылар өте көп. Көркем жазу сабақтарында осы мәселеге көп көңіл бөлінсін.

А.Кәріжан: I тоқсанның қорытындысы анықталды, педагогикалық кеңесте қаралды, ұсыныстар берілді. 40 үздік оқушы, 65 екпінді, 86 қанағаттанарлық оқушы. Білім сапасы 52,4% құрады. Бұл көрсеткіш бастауыш сыныптар үшін төмен болып тұр. Екінші тоқсанда қанағаттанарлық 86 оқушы мен жұмысты ширату керек. 50% сапаға жетпеген сыныптар 2«Ә» сыныбы Смайлова Халима, 2 «В» сыныбы Салманова Динара, 3 «Б» сыныбы Жұмашова Мөлдір. Осы сыныптарға Lesson studu зерттеу топтары құрылды. Екінші тоқсанда сапаны жоғарылатуға жұмыс жасау керек.

Х.Смайлова, Д.Салманова, М.Жұмашова: Екінші тоқсанда ата – аналардың көмегіне сүйене отырып, сапаны 50 % жеткізуге жұмыс жасаймыз. Зерттеу топтарының құрылғаны жақсы болды. Қай жерден мүлт кеткенімізді білеміз. Қандай жолдарды, әдіс – тәсілдерді қолдану керектігіне көмектеседі.

Б.Нұрмаханов: 4 «А», «Ә», «Б» сыныптарының ББЖМ дайындық жұмыстары жүргізілуде. Қосымша сабақтар кестесі қойылды. Оқушылар келіп дайындық жасауда. Бірақ 16.10.2023 жылы Bilim Land компаниясының Bilim Center цифрлық білім беру порталы арқылы алынған аралық онлайн тестілеуде оқушыларымыздың әлі де төмен екендіктері анықталды. Апта сайын алынып жатқан тест нәтижесі де көңілді көншітпейді. Сондықтан барлық мүмкіндікті пайдалана отырып оқушылардың білімін жоғарылатуымыз керек.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді қарай келе бастауыш сынып әдістемелік кеңес қаулы етеді.**

1. Қазақ тілі апталығын өткізу барысындағы ұсыныстар назарға алынсын,
2. БЖБ.ТЖБ тапсырмаларын алу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
3. 2-4 сыныптардың жазу дәптерлерінің талапқа сай болуы ай сайын қадағалансын
4. Электронды журналды толтыру күнделікті сабақ аяқтала салысымен жүргізілсін.
5. 4 сыныптардың ББЖМ дайындықтарының қорытындысы апта сайын шығарылсын.

**Әдістемелік кеңестің төрағасы:** **Б.Нұрмаханов**

**Хатшы:** **А.Кәріжан**





**А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бастауыш сынып әдістемелік кеңесі отырысының**

**Хаттамасы № 3**

**Қатысуға тиіс: 20** 05.01.2024 жыл.

**Қатысқаны: 19**

**Күн тәртібінде**

1. Мектепішілік олимпиадалардың қорытындысы, аудандық олимпиадаға қатысудағы көрсеткіштер.
2. II тоқсанның білім сапасына сараптама
3. Әдістемелік жұмыстың II жартыжылдыққа арналған жоспарына түзетулер енгізу.
4. Математика пәні бойынша өткізілген апталыққа талдау, сараптау.
5. Бастауыш сынып мұғалімдерінің озық тәжірибелерін жинақтау жұмыстары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі Шолпан Қапанова мектепішілік, аудандық олимпиаданың қорытындысын айтты. Мектепішілік «Алтын сақа» олимпиадасын 3 – 4 сынып оқушылары қатыстырылып, Екі кезең бойынша тапсырмаларды орындады. Арнайы мектеп директорының бұйрығы шығып, кезекшілік кестесі құрылып, олимпиадаға әділ қазылар тағайындалды. Ережесі бойынша сағат 12:00- де балалар олимпиаданы бастап кетті. Мектепшілік олимпиадаға 30 оқушы қатысты. Нәтижесінде ең жоғары балл жинаған 6 оқушы аудандық кезеңге жіберілді. Аудандық «Алтын сақа» олимпиадасына оқушыларымыз қатыстырылып, нәтижесінде 4 «Б» сынып оқушысы Базарбай Айқын II орын, 4 «Ә» сынып оқушысы Ғаны Әли III орынды иеленді. Мұғалімдер олимпиадаға дайындық жұмыстарына сын ескертпелері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу – тәрбие жөніндегі орынбасары Б.Нұрмаханов хабарлама жасады. II тоқсанның білім сапасына сараптама жасап, білім сапасы төмен болған Lesson Study топтары құрылып жұмыс жасайтынын айтты. Сондықтан да мұғалімдер әрбір жеке оқушымен жұмыс жасап, олқылықтарды анықтап, нәтижесін шығару қажет деп ескертті. Сондай – ақ әдістемелік жұмыстың II жартыжылдыққа арналған жоспарына түзетулер енгізу бойынша бірнеше ұсыныстар айтылып, мұғалімдер өздерінің ой пікірлерімен бөлісті.

Математика пәні бойынша өткізілген апталыққа талдау жүргізіліп, сараптама жасалынды. Апталыққа жауапты Г.Марқабаева, Х.Смайлова, Ғ.Әдежанова, Д.Салмановалар бір апта бойы атқарылған жұмыстар туралы баяндады. 1 – 4 сынып оқушылары қатыстырылып, ойын түрінде есептердің жүргізілгенін, сыныптан тыс сайыс сабақтардың өз дәрежесінде өткізілгенін айтты. Сайыс сабақтар мен ойындарда жеңіске жеткен оқушылар мектеп директорының мадақтамасымен марапатталды. Апталық бойынша мұғалімдер ұсыныс, пікірлерін қалдырды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің озық тәжірибелерін жинақтау жұмыстары туралы Б.Нұрмаханов мұғалімдерге түсіндіру жұмыстарын жасады. Әрбір мұғалім өз жұмысына тиянақты, жауапкершілікті бола отырып, баланың қиялын дамытып,

шығармашылық жұмыстарға бағыттау үшін түрлі технологияларды пайдалана отырып, тәжірибеде жүзеге асыруға арналған әдіс – тәсілдерді тиімді қолдануды білу қажет. Сондықтан да мұғалімдер үнемі ізденіс үстінде жүріп, бір – бірімен тәжірибелерін бөлісіп, кең ауқымды жұмыстарды жасауға тиісті. Осыған орай мектебімізде тәжірибелі, ұлағатты ұстаздарымыз С.Әбішбекова, Г.Марқабаеваның озық іс – тәжірибелерін жинақтау мектепішілік тарату ұсынылды. Келесі педагогикалық кеңесте мектепшілік таратуға ұсыныс жасауға материалдар дайындау керек.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді қарай келе бастауыш сынып әістемелік кеңес қаулы етеді.**

1. Оқушыларды олимпиадаға дайындау жұмыстары бойынша айтылған ескертпелер мен ұсыныстар назарға алынсын.
2. II тоқсан қорытындысымен білім сапасы төмен сынып жетекшілері м.Жұмашова, Қ.Үсенова, Д.Салманова жұмысты жоспарлап сапаны көтеруге жұмыс жасау.
3. Білім сапасы төмен сыныптарды зерттеу жұмыстары жүргізуге Lesson Study топтарын құру.
4. Әдістемелік жұмыстың II жарты жылдық жоспарына түзетулер енгізілсін.
5. Математика пәні бойынша өткізілген апталықтағы жұмыстарды ұйымдастыру қанағаттанарлық деп есептелсін.
6. Бастауыш сынып мұғалімдері Әбішбекова Сәулеш, Мархабаева Гүлмиранын озық іс-тәжірбиелері жинақталып мектепшілік таратуға педагогикалық кеңеске ұсыныс дайындалсын.

**Әдістемелік кеңестің төрағасы:** **Б.Нұрмаханов**

**Хатшы:** **А.Кәріжан**

















































